АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
ТЕМІР АУДАНЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ТЕМИРСКОГО РАЙОНА
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

15.11.2025 № 275
Шұбаркудық кенті

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

пос. Шубаркудук

Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ауылшаруашылығы министрінің «Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» № 297 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі А.Жақсылықов

002631

Темір ауданы әкімдігінің
2025 жылғы «05» «11»
№ 275 қаулысына қосымша

Саудада (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	1,0000	Мал бордақылау алаңын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Алтынқарасу ауылдық округі
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	6,0	Құрылыстар мен ғимараттарды орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық ауылдық округі,Шұбарқұдық кенті
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2000	Құрылыстар мен ғимараттарды,кооперативті гараж құрылысын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңкияқ ауылдық округі, Кеңкияқ ауылы